

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕГІ

Боранбай С.Қ., ИО-22-1к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі **Аймахов Е.Н.**
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан
kanatovnaaa09@gmail.com

Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы ең қанды және ауыр кезеңдердің бірі болды. Ұлы Отан соғысы кезінде еңбекші халық майданға көмектесудің тиімді жолдарын іздеп, жеңіске тез жетуді ойлады. Барша халықпен қатар Қазақстан әйелдері де жеңіс жолына жан тигізіп, бар күшімен тылда еңбек етті. Ер-азаматтар майданға аттанғанда, тылдағы өмірдің бар ауыртпалығы әйелдер мен балалардың мойнына түсті. Әйелдер шаруашылықтың барлық саласында ер адамдардың орнын басты. Өлкенің экономикалық дамуында көп еңбек сіңірді.

Сол бір сұрапыл соғыс жылдарында жеңіс сағатын жақындатуға Қарағанды облысының көміршілері, Балқаш пен Жезқазғанның мыс өндірушілері, алыс аудандардың малшылары мен егіншілері үлкен үлес қосқанын тарих зердесі ешқашан ұмытпайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қара алтындай аймақта «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» деген патриоттық ұран кеңінен қанат жайып, мұндай екпінді еңбек көмір кәсіпорындары арасында барынша өрістеді. Майдандағы жауынгерлерді құрсанған қару-жарақ, жылы киім, азық-түлікпен қамтамасыз етуде тыл еңбеккерлері тыным таппай еңбек етті. Соғыстың алғашқы екі жылында ғана облыс еңбекшілері отан қорғау қорына 40 миллион сомнан аса ақша және мемлекеттік заемның облигацияларын тапсырды. 200 мыңға таяу жылы киімдер мен аяқ киімдер, 59 вагон азық-түлік тиелген сыйлық жөнелтеді. Осы кезеңде қала мен ауыл еңбеккерлері жаумен жан аямай соғысып жатқан жауынгерлерге қажетті айбарлы техникалар - танктер мен ұшақтар жасау қорына 25 миллион сомнан аса қаржы жинап жіберуі сол шақтағы отаншылдық алаудың асқан үлгісі еді. Қызыл әскер отбасыларына қамқорлық жасау да ұмыт қалмайды. Облыс аумағындағы майдангер отбасыларына соғыстың алғашқы екі жылының өзінде мыңдаған дана киім-кешек, бұған қоса 13 550 пұт астық, 2450 пұт жарма, 3827 пұт көкөніс, 820 пұт май мен еттен көмек жасалады [1].

Соғыс басталған жылдары әр жерде Отан үшін жан аямай еңбек ету керектігі жайында халыққа үндеу жарияланды. Бар ауыртпалық пен жауапкершілік әйелдердің мойнына жүктелді. Оларға мемлекет тарапынан мынадай нұсқада хабарландырулар жолданды:

«Қымбатты жолдастар, жұмысшылар, колхозшылар, үй шаруасындағы әйелдер, еңбекші әйелдер!

Большевиктер коммунистік партиясы, Кеңес үкіметі сіздерді коммунизмнің жеңілмес туының айналасына, біздің сүйікті көсеміміз, әкеміз және досымыз Сталин жолдастың айналасына топтасуға шақырады! Осы қатерлі күндері әрбіріңіз төзімділік таныта отырып, жанқиярлықпен еңбек етулеріңіз керек.

Қымбатты жолдастар, әйелдер, сіздер кез келген өндірістік учаскеде:

ұйымдастырушылықтың, саналылықтың, тәртіптіліктің үлгісін көрсетіп, ұлы Отанның игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп, жауға түпкілікті жеңіске жету үшін Қызыл Армияның, Әскери-теңіз флотының және біздің сталиндік авиациямыздың барлық қажеттіліктерімен қамтамасыз ету жолында көмектесулеріңіз керек.

Күрес тек шайқас даласында ғана емес, сонымен қатар тылда, зауыттарда, фабрикаларда, шахталарда, теміржол көліктерінде, МТС-те, колхоз және совхоз егістіктерінде де шешіледі. Біздің кәсіпорындарымыздың, теміржол көлігіміздің қалай жұмыс істейтіні, біздің колхоздар мен совхоздар қандай өнім алатыны, социалистік мал шаруашылығының қандай жетістіктеріне жететіні сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында жүзеге асады.

Еңбекші әйелдер!» [2,186 б.]

Әрине бұл жолдаулар жауапсыз қалмады, қазақ әйелдері мен жас-жеткіншіктер жан аямай еңбектенді. Сол бір сұрапыл жылдарда құс ұйқыға көшкен шалғай ауыл тұрғындары мал басын еселеп көбейтуге, егіннен неғұрлым көп астық алуға, сөйтіп басқыншы жаумен арыстанша алысып жатқан жауынгерлерді азық-түліктен, жылы киімнен тарықтырмауға бар күшін салды. «Советтік Қарағанды» газетінің соғыстың төрт жылындағы сандарынан тылдағы әйеланалардың, қарттар мен жасөспірімдердің екпінді еңбегін әспеттеген мақалаларды оқи отырып олардың Отанға деген, Жеңіске деген патриоттық сезімдерінің шексіз болғанына көз жеткізесіз. Мәселен «Қоңыраттың малшы әйелдері» атты мақалада ерлер атқарар жұмысты қайыспай көтеріп жүрген Киров атындағы колхоздың сауыншысы Күліш Ақбергенованың, «Кең асу» колхозының шопаны Бәдиша Рахметованың, Молотов атындағы колхоздың қой өсірушісі Мағира Өтегенованың үлгілі істерін тілге тиек етсе, «Қоңырат» колхозындағы әйелдер кеңесінің ұйытқы болуымен жексенбілік ұйымдастырылып әскер отбасыларының 50 үйінің жөнделіп берілгені, Ал Шет ауданындағы Роза Люксембург атындағы колхоздың сауыншысы Дәкен Баймағамбетова сүт сауудың айлық жоспарын үнемі екі еседен орындап келгені жазылады.

Соғыс жылдардағы облыстық газет сандарын ақтара отыра «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» айдарында облыс еңбеккерлерінің елдің қорғаныс қуатын күшейтуге, жау қолынан азат етілген республикаларға едәуір көлемде материалдық көмектер жасағаны айтылады [1].

Соғыстың алғашқы күнінен нар жігіттер арқалайтын ауыр жүкті иығына ілген төрт жыл бойы тыным көрмеген Қарағанды облысының көмірші әйелдерінің, Балқаш пен Жезқазғанның мыс өндіруші әйелдерінің, алыс аудандардың малшы, егінші әйелдерінің қажырлы ерен еңбегін жылдар ұзаған сайын тәуелсіз еліміздің көгінде ерлік рухындай сәулелене бермек.

Түйіндеп айтқанда, әйел адамдардың барлық қиындықтарға қарамай, майдандағыларды оқ-дәрі, қарумен, киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жасаған тылдағы ерліктері біз үшін үлгі-өнеге. Бұл идеяда әйелдер ерлігінің тарихи маңыздылығын түсіндіріп, қазіргі ұрпаққа соғыс жылдарындағы әйелдер еңбегінің құндылығын насихаттау арқылы қоғамда зорлық-зомбылыққа, теңсіздікке қарсы күрес жүргізуге ықпал етуге болады.

Сол кезең жайлы естеліктерінің бірі жайлы Иманкулова Зейнеп анамыз сұхбатында баяндайды. Ол 1924 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының С.Сейфуллин ауылында дүниеге келді.

«Соғыстың басталғаны жайлы хабар, барша халықты есеңгіретіп жіберді. Ауылда тек бала-шаға, әйелдер ғана қалған. Сол кезде ерікті түрде совхоз жұмысына ат салысқан. Күндіз-түні жұмыс істеген. Өгізбен жер жыртып, егін салған. Соғыс кезінде күрекке әлі жеткен барлық балалар еңбек етті. Сарыарқаның өткір ызғарлы желінен кеудеге суық тигізу, аяқтан сыз өту сияқты жағдайлар жиі орын алған. Аурудан халықтық емделу жолдарымен айыққан. Соғыс жылдары қыз балалар тылда еңбек еткен. Тұрмысқа шыққандары күйеулерін, ұлдарын, енді бірі әкесін немесе аға-бауырларын майданға аттандырды. Апам мысалға 16 жасында тұрмысқа шыққан (1940ж.). Атам майданға аттануға мәжбүр болды, тұңғыштары да шетінеп кетті.

Жеңіс деген хабарды радио, хаттан естіген. Дін, әрине әр адамның өмірінде маңызды рөл ойнады. Күнде күйеуінің майданнан аман-есен келуін, бейбіт өмірдің болуын тілеп, құлшылық жасаған. Ол кезде ауылда мешіт болмады. Тек ғана жеңіске деген сенім, ертеңге деген үміт адамдарды алға сүйреп, мойымай еңбек етіп, өмір сүруге итермеледі...» [3, 264-265 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдары орталық Қазақстан әйелдері үшін ерекше сындарлы кезең болды. Олар өздерінің ерлікпен атқарған тылдағы еңбегімен Қазақстан тарихында маңызды орын алды. Тылда жұмыс істеген әйелдер әскери қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек және басқа да қажетті заттарды жеткізіп, майданға қолдау көрсетті. Бұл жылдары олардың қажырлы еңбегі мен қайсарлығы тек қана отанға деген сүйіспеншілікті емес,

сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан да үлкен өзгерістерді қамтамасыз етті.

1941 жылы маусым айының аяғына қарай Қарағандының мыңнан астам шахтерлері демалыс күні демалудан бас тартып, жұмысқа шықты, сөйтіп ең жоғарғы еңбек өнімділігін көрсетті. 1-шахтаның жұмысшыларының әрқайсысы 35 тоннадан көмір өндіріп, нормаларын 230 процентке орындады. Шахтерлердің әйелдері де өз үлестерін қосты. Горький атындағы шахтада алпыстан астам үй шаруасындағы әйел еңбек етіп, өздері тапқан 1000 сомды қорғаныс қорына аударды [4].

Қазақстанның орталық өңірінде, әсіресе өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жұмыс істеген әйелдер экономикалық тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосты. Олар әр түрлі жұмыс түрлерін атқарып, соғыс жағдайында қиындықтарға қарсы тұра отырып, отбасыларын асырауға, ұрпақтарын тәрбиелеуге, сонымен бірге жеңіске жетуге өздерінің маңызды рөлін қосып отырды.

Сонымен қатар, әйелдер соғыстың ауыртпалығын көтере отырып, елдің болашағын ойлады, әлеуметтік бірлікті сақтап, келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай ерлік пен қайсарлық көрсеткені сөзсіз. Олардың еңбек ерлігі Ұлы Отан соғысының жеңісіне үлкен үлес қосты, әрі бұл ерлік ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, мәңгілікке есте қалады.

Әдебиеттер тізімі

1 Ерлерше еңбек еткен аналар Қарағанды ОӘФК. Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы <https://www.karlib.kz/kz/a-arman-ara-andyly-tar-2/3578-erlershe-e-bek-etken-analar>

2 Женщины Казахстана и Великая Отечественная война: 1941-1945: Сборник документов и материалов. Отв.ред. З.Г.Сактаганова. – Караганда, 2020. – 410 с.

3 Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: воспоминания и интервью. Сборник материалов. Отв.ред. З.Г.Сактаганова. – Караганда, 2020. – 400 с.

4 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қызылорда облысы әйелдерінің тылдағы еңбегі <https://qazaly.kz/zanalyk/9236-yzylordada-br-aptada-sh-bala-sua-kett.html>

ПРАВА ЖЕНЩИН В ГЕРМАНИИ В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

Гали Д.Е., студент группы МО-22-2р

Научный руководитель: к.и.н. Досова Б.А.

Карагандинский университет имени Е.А. Букетова

Караганда, Казахстан

darina.g298@gmail.com

В годы Второй мировой войны положение женщин в нацистской Германии подверглось значительной трансформации. Идеология Третьего рейха провозглашала традиционную роль женщины – как матери, домохозяйки и носительницы расовой чистоты. Однако военные обстоятельства требовали вовлечения женщин в экономическую, социальную и даже военную сферы. Это создало противоречие между идеологическими установками и реальной практикой.

Цель данной статьи – исследовать, каким образом изменялись права и статус женщин в Германии в 1939–1945 годах под влиянием государственной политики и условий войны. Для достижения цели, мы охарактеризовали роль женщины в нацистской идеологии, описали участие женщин в производственной и административной сферах, рассмотрели юридические ограничения, действовавшие в отношении женщин, проанализировали формы женского сопротивления.

1. Женщина в нацистской идеологии: образ и общественная роль